 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
Құжаттың түрі: ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 1-беті
Өзірлеген: Д.С. Баранова 2022 жылғы 26 мамыр	Тексерген: Д.В. Шарипов 2022 ж. «___» _____	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлері жалпы жиналысының 2022 ж. «___» _____ шешімімен бекітілген, № ___ хаттама

1. Жалпы ережелер

1. Осы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына, Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау, шақыру және өткізу тәртібін, оның құзыретін, құқықтарын, міндеттерін, шешімдер қабылдау қағидаттарын және олардың орындалу барысын бақылауды ұйымдастыруды айқындайды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметінде Заңды, Жарғыны, Кодексті, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып табылады.

5. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.


2. Терминдер мен анықтамалар

6. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылды:

- 1) **акционер** - Қоғам акцияларының меншік иесі болып табылатын тұлға;
- 2) **Акционерлердің жалпы жиналысы** - Қоғамның жоғары органы;
- 3) **Басқарма** - Қоғамның атқарушы органы;
- 4) **Директорлар кеңесі** - Қоғамның басқару органы;
- 5) **Ірі акционер** - өз арасында жасалған келісім негізінде әрекет ететін, акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) тиесілі акционер немесе бірнеше акционер;

б) **миноритарлық акционер** - Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10 (он) процентінен кемі тиесілі акционер;

7) **Қоғамның тіркеушісі** - дауыс беретін акцияларының елу проценттен астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, бағалы қағаздарды ұстаушылар

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 2-беті

тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым.

3. Акционерлердің құқықтары

7. Қоғам барлық акционерлерге тең құқықтар мен әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

8. Қоғам акционерінің:

1) Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге;

3) Дивидендтер алуға;

4) Акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауға қатысуға;

8) белгіленген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге, сондай-ақ Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге;

9) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

10) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленген кезде, Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға тұлғалардың ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына өтініш жасауға;

11) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға. Бұл ретте жауап тікелей сұрау жасаған акционерге жіберіледі және Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жеке құрылған бөлімде орналастырылады;

12) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;


13) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын заңда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;

ИС «Агестум» Прил. к № 19/17256-С3 от 07.12.2022

Подписан ЭЦП НУЦ РК:

ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022

Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 3-беті

14) өз талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін алуға. Бұл ретте, құжаттардың көшірмелерін бергені үшін Қоғам алатын төлемақыны Қоғам белгілейді және оларды дайындауға және қажет болған кезде акционерге жеткізуге арналған шығыстар құнынан аспауға тиіс;

15) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін иеленген кезде Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;

16) Заңда көзделген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқығы бар.

9. Дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін иеленетін акционерлер бір мезгілде мынадай шарттар болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін сот анықтаса;

- егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қоғам залалдарының туындауына әкеп соққаны дәлелденсе.

10. Ірі акционердің мынадай:

1) Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге құқығы бар.

11. Акционерлердің осы тармақтың 8, 9 және 10-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.


12. Акционерлердің заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

4. Акционерлердің міндеттері

13. Қоғамның акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) жұмыс күні ішінде Қоғамның тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 4-беті

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы

14. Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесімен;

2) Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылады.

15. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) айдан кешіктірілмейтін мерзімде өткізіледі. Есепті кезеңде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып есептеледі.

16. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік бекітіледі;

2) Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері айқындалады;

3) акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

4) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітіледі.

17. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің төрағасы:

- Директорлар кеңесінің, Басқарманың барлық мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі және Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының келуін қамтамасыз етеді;

- акционерлерге Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

18. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

19. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізу:


1) Басқармамен;

2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісімен;

3) Директорлар кеңесімен;

4) Қоғамның тарау комиссиясымен жүзеге асырылады.

И.С. «Director» Т.Ири. К № 19/17256-СЗ 0101.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 5-беті

20. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.

6. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстары

21. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысынан басқа өткізілетін өзге Акционерлердің жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

22. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы мыналардың бастамасы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің.

23. Егер Қоғам ерікті түрде тарату процесінде болса, Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

24. Егер Қоғамның органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

25. Егер Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қойған жағдайда, онда осындай жиналысты шақыруды талап ететін акционерлердің (акционердің) есімдері (атаулары) және оған тиесілі акциялардың саны, түрі көрсетілуге тиіс.


Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ететін адам (адамдар) қол қояды.

26. Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Басқарма орналасқан жерге тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда осындай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

27. Директорлар кеңесінің ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелерінің тұжырымдамаларына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы қойылған талапқа сәйкес шақырылған кезде Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

28. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 6-беті

29. Ірі акционердің талап етуі бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы Директорлар кеңесінің шешімі, егер:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қоюдың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртібі сақталмаған;

2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмесе өткізіледі.

Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде Директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап ететін адам Қоғамды Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

7. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті

31. Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті түрде құқылы.

32. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Қоғамның жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;


4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

8) Қоғамның Есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 7-беті

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелері мен төрағасын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстар өтемақысының мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және сайлау қағидаларын бекіту;

9) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақыларын және шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту;

10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындау;

11) Қоғамның шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Қоғам Жарғысының 12-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда Қоғамның жай акциялары бойынша және Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

17) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

18) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту (оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу);

19) Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту;

20) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

21) дивидендтік саясатты бекіту;


22) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

23) Директорлар кеңесінің мүшелерімен жасалатын үлгілік шартты бекіту;

25) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемшарттарын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын тәуелсіздік өлшемшарттарын бекіту;

27) нәтижесінде қоғамның оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп проценті сатып алынатын немесе иеліктен

ИС «Dilectum» Пр.п.л. № 19/17256-СЗ 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 8-беті

шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне акционерлік қоғам құны активтердің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп процентін құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау;

28) Қордың тобына кіретін ұйымдармен мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның Заңға сәйкес жасалуына мүдделілігі бар ірі мәмілені жасасуы туралы шешім қабылдау;

29) Қоғамның Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

30) акционерлердің алдағы кезеңдерге арналған талаптарының орындалуын бекіту және мониторингілеу;

31) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

32) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиесілілік нормативтерін және Қоғамның әкімшілік аппаратын орналастыру үшін алаң нормаларын айқындау;

33) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлеріне шығыстар нормативтерін айқындау;

34) қызметкерлерге мобильдік байланысты пайдалану құқығын беру кезінде Қоғам қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимиттерін, өкілдік шығыстар лимиттерін айқындау;

35) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу регламентін бекіту;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

33. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның басқа да органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне берілмейді.


34. Егер Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі

35. Акционерлердің жалпы жиналысына оларға тиесілі акцияларды толық төлеген акционерлер ғана қатыса алады және дауыс бере алады.

36. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінің деректері негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгіленуі мүмкін емес.

ИС «Directum» Прил. к № 19/17256-С3 от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 9-беті

Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиіс мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді.

37. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

9. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат

38. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа оған қатысуға құқығы бар адамдардың ең көп саны қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы Басқарма орналасқан жердегі елді мекенде өткізіледі.

Жиналыстың қатысушыларын тіркеудің басталу уақыты мен жиналысты өткізу уақыты Қоғамның есеп комиссиясына жиналысқа қатысушыларды тіркеуді, олардың санын есептеуді және оның кворумының болуын анықтауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс.

39. Акционерлерге алдағы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күн бұрын хабарлануға тиіс.

40. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсына жіберілуге тиіс.


Осы Ереженің 39-тармағында белгіленген мерзімді есептеу хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап жүргізіледі.

41. Шешімдері көзбе-көз немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар болуға тиіс:

1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуге тиіс акционерлердің жалпы жиналысы қайта өткізілетін күн мен уақыт;

«Eneclim» Прил. к № 19/17256-С3 от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 10-беті

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен акционерлердің танысу тәртібі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;

8) оларға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.

Аралас дауыс беру кезінде Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада жоғарыда санамаланған ақпаратқа қосымша бюллетеньдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.

41. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар болуға тиіс:

1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;

2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;

5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен акционерлердің танысу тәртібі;

8) дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) оларға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.


42. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш жасауға құқылы.

43. Миноритарлық акционердің өтініш жасау және және Қоғамның Тіркеушінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі Қоғамның Тіркеушінің тиісті құжатымен (құжаттарымен) белгіленеді.

44. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте емес уақытта тағайындалуы мүмкін.

45. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін жерде өткізіледі.

46. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауға тиіс.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 11-беті

10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыру тәртібі

47. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесі болуға тиіс. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқалар» деген сөздерді және соларға ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы мәселелерді пайдалануға тыйым салынады.

48. Көзбе-көз қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі (корпоративтік хатшы) күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

49. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

50. Көзбе-көз қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілуі мүмкін:

1) дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп процентін иеленетін акционерлер немесе Қоғам акционерлері мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарлаған жағдайда, Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде 95 (тоқсан бес) процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі оларды енгізуді жақтап дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.


Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

51. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

52. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау кезінде таратылатын материалдар күн тәртібіне қатысты жүйелендірілуіне және осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуға тиіс. Құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуді ескере отырып, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдар Қоғамның корпоративтік веб-сайтында акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл жасауға жауапты тұлғалардың байланыс ақпаратын (телефон, электрондық пошта адресі) көрсете отырып орналастырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Қоғамның корпоративтік хатшысы болып табылады.

Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 12-беті

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір жеке мәселе бойынша жеке шешім ұсынуы тиіс.

53. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының ұсынылып отырған күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, акционер Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттар ұсынуға құқылы, олардың саны Директорлар кеңесінің сандық құрамынан аспауға тиіс. Мұндай ұсыныстар күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерге хабарланған күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде Қоғамға түсуге тиіс.

54. Қоғамның органдарын (Директорлар кеңесін) сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпарат болуға тиіс:


- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білім туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестілігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы 3 (үш) жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің өкілі болып табылатыны немесе ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер не Қоғамның акционері болып табылмайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлға болып табылған жағдайда, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Қоғамның дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

55. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік;
- 2) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық есептер;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне акционерлердің өтініштері мәселесі және оларды қарау қорытындылары бойынша материалдар;
- 5) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі;

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 13-беті

б) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

56. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Басқарма орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей дайын және қолжетімді болуға, ал акционердің сұрауы болған кезде - сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жіберілуге тиіс; егер Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттардың жеткізілуіне акционер жауапты болады.

11. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы

57. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (барлық бюллетеньдер берілген күні не сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде бюллетеньдерді беру мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 (елу) және одан да көп процентін иеленетін, оған дауыс беруге құқылы.

58. Акционерлердің өткізілмегенінің орнына қайта өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының 40 (қырық) және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе шешімдер қабылдауға.

59. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен ұсынылған және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.


Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

12. Есеп комиссиясы

60. Егер акционерлердің саны 100 (жүз) және одан көп болса, есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында сайланады.

Егер Қоғам акционерлерінің саны 100 (жүз)-ден аз болса, есеп комиссиясының функцияларын Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады.

ИС «Directum» Прил. к № 19/17256-С3 от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 14-беті

Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында есеп комиссиясының функцияларын тіркеуші жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциялары тіркеушіге жүктелуі мүмкін.

Есеп комиссиясы кемінде үш адамнан тұруға тиіс. Есеп комиссиясына алқалы органдардың мүшелері, сондай-ақ Қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам кіре алмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда, жиналыс өткізілетін уақытқа есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

61. Есеп комиссиясы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген адамдардың өкілеттіктерін тексереді;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;

3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің жарамдылығын айқындайды және күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша жарамды бюллетеньдердің санын және оларда көрсетілген дауыстарды санайды;

4) Акционерлердің жалпы жиналысы Кворумының, оның ішінде жиналыс өткізілетін бүкіл уақыт ішінде болуын айқындайды және кворумның болуы немесе болмауы туралы хабарлайды;

5) Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;

6) Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындыларын шығарады;

7) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды;

8) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Қоғамның архивіне береді.

62. Есеп комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.


13. Акционерлердің жалпы жиналысында өкілдік ету

63. Акционердің Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар.

Басқарма мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Мұндай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа

М.С. «Bilectum» А.А. № 19/17238-СЗ от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 15-беті

негізделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

64. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

14. Акционерлердің жалпы жиналысын көзбе-көз қатысу тәртібімен өткізу тәртібі

65. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге қатысу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар адам Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада көрсетілген күндер мен сағаттарда ресми тіркеуден өтуге тиіс. Тіркеу уақыты барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеле алатындай жеткілікті болуы керек.

Келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Көзбе-көз тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.


Көзбе-көз тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамды басқаруға қатысатын барлық лауазымды адамдар (шақырылған жағдайда) міндетті түрде қатысады.

Шақырылған адамдар Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасының рұқсатымен сөз сөйлеуге құқылы.

Тіркеуді жүзеге асыру үшін акционер Есеп комиссиясына жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады, акционер өкілінің қатысуымен, соңғысы есеп комиссиясына жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге оның өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынады.

Есеп комиссиясы акционерлердің жеке басын және акционерлер өкілдерінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттарды, олардың акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Қатысушы адамдардың өкілеттіктері расталған кезде Есеп комиссиясының мүшелері жиналысқа қатысушыларды тіркеу журналын, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді толтырады және акционерлерге (акционердің өкілдеріне) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді береді.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 16-беті

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеуді аяқтау қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының болуын айқындайды.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Егер дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бұрын жіберілген бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

66. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан бұрын ашылмауы тиіс.

Егер жиналыс басталуының белгіленген уақытынан кейін 1 (бір) сағат ішінде кворум болмаса, онда жиналыс өткізу туралы хабарламада көрсетілген Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақытына ауыстырылады.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі.

67. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлауды өткізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды. Егер Қоғамның жарғысында өзгеше көзделмесе, Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылардың және дауыс беруге қатысуға құқығы бар адамдар санының жай көпшілік даусымен қабылданады.


Жиналысқа қатысқан барлық акционерлер Басқарма құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

68. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін және жұмыс регламентін, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз сөйлеу мен баяндамалардың кезектілігін жариялайды.

Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді.

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы күн тәртібінің қаралып отырған мәселелері бойынша баяндамалар үшін сөз береді, күн тәртібінің мәселелерін талқылаудың аяқталғаны және дауыстарды санаудың басталғаны туралы хабарлайды.

ИС «Directum» Прил. к № 19/17256-СЗ от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 17-беті

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқылы емес.

Төраға тікелей отырыс барысында сұрақтарға жауап алуды қамтамасыз етеді. Егер сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермесе, қойылған тұлға (тұлғалар) қойылған сұрақтарға Акционерлердің жалпы жиналысы аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде жазбаша жауап береді.

69. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

70. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

71. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жауап береді.

15. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы


72. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

73. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс. Акционерлер саны 100 (жүз) және одан көп қоғамда сырттай дауыс беру кезінде осы Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу

И.С. (Инициалы) Шарипов Дамир
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 18-беті

туралы хабарламамен бірге Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді жариялауға міндетті.

74. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы ақпарат;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтап», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі қамтылуға тиіс.

75. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға - акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

76. Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы (заңды тұлға - акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға - акционердің не заңды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.


Дауыстарды санау кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

77. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған жолдар болуға тиіс.

78. Егер Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезде тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды неғұрлым ертерек күнмен санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

16. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

И.С. «Egredium» Пр.И.П. К № 19/17256-СЗ 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 19-беті

79. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мына жағдайларды қоспағанда, «1 (бір) акция - 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда 1 (бір) акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша 1 (бір) дауыс беру арқылы беріледі.

80. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде акционер дауыстарды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Ең көп дауыс саны берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, акционерлерге тең дауыс санын алған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну арқылы осы кандидаттарға қатысты қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде мынадай бағандар болуға тиіс:

1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізбесі;

2) акционерге тиесілі дауыстар саны;

3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.


81. Акционерлердің көзбе-көз тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі - көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл ретте көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар қамтылуы тиіс:

1) мәселенің тұжырымы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;

2) мәселе бойынша «жақтап», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе Қоғамның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

82. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде Заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, көзбе-көз жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 20-беті

Көзбе-көз жасырын дауыс беру үшін бюллетеньдер бойынша дауыстарды есептеу кезінде дауыс беруші бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

83. Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша тіркеу кезінде Есеп комиссиясы берген көзбе-көз ашық дауыс беруге арналған бюллетеньдермен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнді;
- 3) акционердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) не атауы;
- 4) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтап», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

6) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі қамтылуға тиіс.

84. Есеп комиссиясының мүшелері күн тәртібіндегі әрбір мәселені қарау қорытындылары бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын акционерлердің/акционерлер өкілдерінің бюллетеньдерін жинауды жүзеге асырады және әрбір мәселе бойынша дауыстарды санауды жүзеге асырады.

85. Дауыс беру кезінде (кумулятивті дауыс беруден басқа) дауыс берудің «жақтап», «қарсы», «қалыс қалды» деген тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

86. Жоғарыда көрсетілген талапты бұза отырып толтырылған дауыс беруге арналған бюллетеньдер жарамсыз деп танылады және оларда қамтылған мәселелер бойынша дауыстар есептелмейді.

87. Есеп комиссиясы бюллетеньдерді жинау қорытындылары бойынша кворумның болуын айқындайды және Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындыларын шығарады.

88. Дауыс беру қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.


Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған кезде Есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалғаннан және қол қойылғаннан кейін, олардың негізінде хаттама жасалған, толтырылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

89. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

90. Дауыс беру қорытындылары оның барлығында дауыс беру өткізілген

Ис «Dilectum» Пр. № 19/17258-СЗ от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 КазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 21-беті

Акционерлердің жалпы жиналысында жария етіледі.

91. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына оларды қазақ және орыс тілдерінде Акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы жеткізіледі.

17. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі

92. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

93. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:


- 1) Қоғамның толық атауы және Басқарманың орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы.
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын адамдардың сөз сөйлеуі;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын адамдардың саны;
- 10) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 11) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 12) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

94. Хаттамаға Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (Төралқа мүшелері), хатшысы, жалпы жиналысқа қатысқан және дауыс беретін акциялардың 10 (он) және одан да көп процентін иеленетін акционерлер, Есеп комиссиясының мүшелері немесе Акционерлердің жалпы жиналысында дауыстарды санауды жүзеге асыруға уәкілетті адам қол қояды.

95. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына Есеп комиссиясының мүшелері (егер Есеп комиссиясын сайлау талап етілмеген жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.

ИС «Діңгиз» Пр.А.Қ № 19/17256-СЗ от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PL-4209.1-19	23 беттің 22-беті

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға оған берілген сенімхат негізінде оның өкілі не Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар адам қол қояды.

96. Осы Ереженің 97-98-тармақтарында көрсетілген адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

97. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен, дауыс беруге арналған бюллетеньдермен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептері туралы хаттамаға қол қоймаған адамдардың жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі.

98. Көрсетілген құжаттар Басқармада сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Қоғамның коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпиясының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтай отырып, Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

18. Жауапкершілік

99. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауапты болады.

100. Есеп комиссиясының мүшелері дауыс беру нәтижелерін өңдеу (дауыстарды санау және дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаларды толтыру) процесінде алынған құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.


19. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындау

101. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің орындалу барысын бақылауды, егер бұл шешімде арнайы айтылмаса және Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілмесе, Директорлар кеңесі мен Басқарма жүзеге асырады.

102. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін жиналысқа қатысқан да, қатыспаған да барлық акционерлер өздеріне қатысты бөлігінде орындауға міндетті.

20. Қорытынды ережелер

ИС «Directum» Прил. к № 19/17256-С3 от 07.12.2022
 Подписан ЭЦП НУЦ РК:
 ШАРИПОВ ДАМИР, 07.12.2022
 Сертификат 6a21afa2e043c1390aaf867559bac495576cb7ec

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереже	
ИБЖ ережесі	КМГ-PL-4209.1-19	23 беттің 23-беті

103. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіреді.

104. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Қоғамның Жарғысын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары олармен қайшы келетін болса, Ережеге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын немесе Қоғамның Жарғысын басшылыққа алу қажет.